

Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы жер учаскелерін ауыстыру және беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 658 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 105, 138, 143-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағындағы алаңы 340,0876 гектар жер учаскелері босалқы жер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және де өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жер с а н а т ы н а а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесі осы қаулының қосымшасына сәйкес «Қосқұдық» кен орнында бағалы және түсті металдар өндіру үшін «ФМЛ Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – серіктестік) уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында берілсін.

3. Серіктестік (келісім бойынша) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 2

м а м ы р д а ғ ы

№

6 5 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«ФМЛ Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

Р/с №	Жер учаскесінің жалпы алаңы, гектар	оның ішінде жайылым, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқық беру мерзімі
1.	14,2	14,2	«Қосқұдық» кен орнында технологиялық жол салу және пайдалану үшін	2028 жылғы 15 желтоқсанға дейін

2.	197,7	135,5	«Қосқұдық» кен орнында өндірістік база мен инфрақұрылым элементтерін салу және пайдалану үшін	2028 жылғы 15 желтоқсанға дейін
3.	0,7876	0,7876	35 кВ электр беру желілеріне қызмет көрсету үшін	2028 жылғы 15 желтоқсанға дейін
4.	127,4	126,7	«Қосқұдық» кен орнында өндірістік база мен инфрақұрылым элементтерін салу және пайдалану үшін	2028 жылғы 15 желтоқсанға дейін
	340,0876	277,1876		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК